

Өскенбай М.Ә.  
**Орталық Азиядағы түркі тайпаларының қоршаған ортаға бейімделуі**

Мақала ортағасырлардағы Орта Азия түркі тайпаларының қоршаған орта және әлеуметтік ортамен байланысын зерттеуге арналған. V-XV ғғ. Орта Азия түркі тайпаларының өміріндегі антропологиялық, демографиялық және жергілікті аумаққа орналасудағы бейімделу жүйесіне анализ жасалған. Сонымен қатар, көне түркілердің қоршаған ортамен байланыс мәселесі, топонимияның табиғи шарттарға бағыныштығы және қоршаған ортаның күрделі антропогендік жағдайындағы тарихи дәстүрлер сабақтастығы мәселелері зерттелген. Орта Азия көшпенділері географиялық ортада басқа көршілес халықтармен байланысатын, әртүрлі шаруашылық түрлері, діндері, әлеуметтік ұйымдары мен әдет-ғұрыптары бар бүтін механизм ретінде қарастырылған. Автордың ойынша, түркі тайпаларының табиғатпен байланысын түсіну үшін ең алдымен олардың қоршаған ортамен байланысын, сабақтастығын зерттеу қажет.

**Түйін сөздер:** түркі тайпалары, Орта Азия, қоршаған орта, климат, ауа-райы.

Oskenbai M.A.  
**Adaptation of the Turkic tribes in Central Asia to the environment**

This article covers the different aspects of the research specificity of interaction of the Turkic tribes of Central Asia in the middle Ages with the natural and social environment. The analysis of adaptive changes in life and settlement systems, demographic characteristics and anthropological features of which occurred in the V-XV century in the life of the Turkic tribes in Central Asia. Also were addressed the issues of interaction with the environment of the ancient Turks, and their dependence on natural conditions toponymy, processes, continuity of historical traditions in the difficult conditions of strong anthropogenic pressure on the environment. Analyzes the nomads of Central Asia, as one geographic integrity inhabited by diverse peoples, with different economic skills, religion, social institutions and mores. According to the author, a greater understanding of the nature of the Turkic tribes contribute to the study of the relationship between people and nature, where people adaptation to nature in Central Asia plays an important role.

**Key words:** turkic tribes, Central Asia, environment, climate, we.

Оскенбай М.А.  
**Адаптация тюркских племен в Средней Азии к окружающей среде**

Данная статья охватывает различные аспекты исследования специфики взаимодействия тюркских племен Центральной Азии в средние века с природной и социальной средой. Дается анализ адаптивных изменений в системах жизнеобеспечения и расселения, демографических характеристиках и антропологических особенностях, произошедших в V-XV веках в жизни тюркских племен Центральной Азии. Затрагиваются также вопросы взаимодействия с окружающей средой древних тюрков, зависимость топонимии от природных условий обитания, процессы преемственности исторических традиций в сложных условиях мощных антропогенных нагрузок на среду. Анализируются кочевники Центральной Азии, как географическая целостность, населенная разнообразными народами, с разными хозяйственными навыками, религиями, социальными учреждениями и нравами. По мнению автора, большему пониманию природы тюркских племен способствует изучение взаимоотношений людей и природы, где адаптация людей к природе Центральной Азии играет важную роль.

**Ключевые слова:** тюркские племена, Центральная Азия, окружающая среда, климат, погода.

**ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ  
ТҮРКІ  
ТАЙПАЛАРЫНЫҢ  
ҚОРШАҒАН ОРТАҒА  
БЕЙІМДЕЛУІ**

Көшпелілердің өмір тұрмысы, жалпы көшпеліліктің шығуы және өркендеуі немесе дағдарысқа ұшырауы табиғи ортаға және климатқа тікелей тәуелді болды. Бұл ғылымда дәлелденген мәселе. Мысалы, мал шаруашылығының жайылымына қолайлы ландшафты зерттеген ресейлік ғалым Е.С. Кульпин көшпеліліктің маусымдық және меридианалдық бағыттарын жан-жақты қарастырған болатын. Оның зерттеулеріне қарасақ, Жошы ұлысының Батыс бөлігіндегі көшпелілер климаттық ахуалға байланысты малды мүмкіндігінше солтүстікке қарай, яғни, орманды аймаққа қарай айдап, осы өңірлерден, яғни орман мен даланың шектесетін кеңістігінде жаңа жайылымдар іздегенін байқаймыз. Мұнда әдетте, тұрақты және ылғалды климаттың болуы малға қажетті фитомассаны, яғни шүйгін жайылымды қамтамасыз етті. Бұл әсіресе едәуір құрғақшылыққа ұшыраған оңтүстікке қарағанда қолайлы аймақ болатын. Көктемде, жазда және күзде осы ормандық-далалық аймақта және ормандар кеңістігінде мал жаюға аса қолайлы болды. Біртіндеп, бұл аймақ далалық аймақтың көлеміндей жаңа ормандық-далалық аймақтың пайда болуына алып келді. Мұнда малға қажетті жем-шөп далалық аймақпен салыстырғанда бес есе көп малды тамақтандыра алды.

Жем-шөпке қажетті шөп далалық өңірде маусымға қарай өзгерістерге ұшырап отырғанын байқаймыз. Мысалы үшін мамыр айында жайылымдық шөптердің малды жем-шөппен қамтамасыз етуі жүз пайыз деңгейінде толық қанағаттандырарлық болды деп қарастырсақ, ал маусым айында ол 88 пайыз, шілде 78 пайызға, тамыз айында 65 пайызға, қыркүйек айында 58, ал қазан айында бар болғаны 35 пайызға шамалас болғанын көреміз [1, 191-б.].

Зерттеулер мынаны көрсетеді, жайылымдық шөп жақсы өскен далалық жерлерде өсімдіктің жалпы көлемі 3,2-4,2 т/га жетсе, ал осы өңірде жайылатын малдың көлемі – 0,4 т/га, яғни басқа далалық өңірлермен салыстырғанда осы жайылымдық өңірдегі жайылатын малдардың саны бес есе көп болатынын байқаймыз [2, 144-б.].

Э.С. Кульпин зерттеп отырған Алтын Орда кезеңіндегі және Жошы ұлысының Батыс аймағындағы жайылымы ландшафтына байланысты осы ерекшеліктерді Орталық Азия-

ның Ұлы дала өңіріне де сәйкестендіре қарастыруға болады. Өйткені жоғарыда айтылған тұжырымдар жалпы көшпелілер қоғамына тән заңдылықтарды қозғап отыр.

Бұдан шығатын қорытынды, Жошы ұлысының көшпелілер мекендейтін еуропалық бөлігінде жазғы жайылымдар табиғаттың қолайлылығына байланысты мал басының өсуін, соған сәйкес әрине халықтың санының өсуін қамтамасыз ететін факторға айналды. Сонымен қатар, Жошы ұлысында мал басының өсуін тежейтін маусым қысқы маусым болды. Егер көктемде, жазда және күзде қолайлы мал жайылымдарда мал өз аяғымен жайылып, оның өсіп-өнуіне қолайлы жағдай қалыптасса, ал қыс кезінде жайылымдық жерді қар басып жатқан кезде дәстүрлі мал шаруашылығы қиын жағдайға ұшырады. Мұндайда тұтас отардың өмір сүруі үшін қардың астында жатқан шөпті өзінің тұяғымен ашып бере алатын жылқы малының санының көп болуы шешуші рөл атқарды [3].

Орта Азия аумағының басым бөлігінде ылғалдылықтың басым болуы және суыту ортағасырлардың бірінші жартысына сәйкес келеді (көне түркі кезеңі (VI-VIII)) [4, 145-б.]. Адамдар алдыңғы дәуірлерде өздері үшін қауіпсіз әрі жайлы қоныс есептелген таулардың біртіндеп суытуына қарамастан солардың етегін паналауды қауіпсіз санады. Тау жоталарының вертикалды белдеулеріне қарамастан біркелкі аймақтар ретінде қарастырылады. Себебі, белдеулер бірыңғай географиялық шаруашылық комплексті құрайды. Сол себепті, халықтар таулы аймақтардың өзінде емес, олардың шеткері аймақтарында қалыптасты [5, 133-б.]. Мәселен, түркілердің ашина тайпасының генеологиялық аңызында тоғыз жасар баланы құтқарған қасқыр Алтайға барып жасырыныпты. Одан тараған ұрпақтар Жужандарға темір балқытады.

Климаттың адамзатқа әсері мәселесі тарихи географиялық детерминизм теориясында қарастырылады. Тарихта климат үздіксіз өзгеріп келеді. Климаттық өзгеріс адамзат дамуына қаншалықты әсер етеді? XVII–XVIII ғасырлары аталған сұраққа ғалымдар келесідей жауап берген болатын, географиялық орта түрлі психикалық сана қалыптастырады, яғни мәдениеттің алуантүрлілігі көрініс табады. Бұл географиялық детерминизм деп аталатын теория XVI ғасырлары Ж. Боден негізін құраған болатын. Бұл теорияны Л.Н. Гумилев дамытып, толықтырды [6, 556-б.]. Оның пікірі бойынша, бір фактор арқылы этникалық эволюцияны талдауға болмайды. Географиялық, биологиялық сияқты факторлар

есепке алынуы қажет. Евразия континентінің жағдайы өте құбылмалы. Климаттық құбылудың диапазоны өте кең, ғасырға құрғақшылық пен су тасқыны ұласады. Ұлы дала картада біркелкі болғанымен шығыс бөлігі мен батыс бөлігі бір-бірінен ерекшеленеді. Моңғолияның үстінде үлкен антициклон батыстан келетін ылғал батыс желдерді өткізбейді. Мұнда қыста қар аз болады. Көктемде Сібірден келетін ылғал ауа енеді. Бұл ылғал шөптің қалың шығуына мүмкіндік береді. Малы тойып жүрген аймақта халқы да дамитыны түсінікті. Сондықтан да, ғұн, түрік, моңғол сияқты күшті империялар бой көтерді.

Түрік қағанаты кезеңінде табиғи климаттың ауысуы, ауа-райының өзгеруіне қатты мән берді. Қоғамда болатын кез келген оқиға, әскери жорықтарды алдымен ауа-райының болжауына қарай жоспарлар отырған. Бұл жөнінде Қытай деректерінде келесідей мәліметтер бар. «Олардың жерін жұт жайлап, елін қырсық шалғалы қашан, шамасы мүшел межесі болса керек. ...әр қыста күн күркіреп, жай түсіп, өрт шығады. Барша тіршіліктің су мен шөпке сүйенетіндігі мәлім. Ал былтыр жыл он екі ай бойына олардың жеріне тырс етіп ылғал тамбады. Шегіртке қаптап, шөп күйіп кетті де, жақ жұттан және індеттен мал-жаннның тең жартысы қырылды. Көне мекендері тулақ сүйрегендей тақырға айналды. Сосын Дешті құмның күнгейіне көшіп барып, біраз уақыт жан сауғалады...» [7, 67-68-бб.]. Бұл Түрік қағанатында Ышбара қаған билік еткен 581-587 жылдар болса керек.

Ал келесі деректе Түрік қағанатында керісінше, ауа-райының жайлы, мал басының өскені туралы мәлімет бар: «Жуырдағы жылдары ауа-райы жайлы, жауын-шашын мезгіл ретіне лайықты болып келеді...шөлдалада қиыр қонып... мал-жанымыз құтлы (жүз миллион) бойынша есептелінеді...» [8, 69-б.]. Бұл Түрік қағанаты құрылғанына елу шақты жыл болды дегеніне қарағанда, шамамен 600 жылдардың басы болуы мүмкін.

Кейінірек, 629 жылы Сір-енда өзін қаған көтергенде «Ұдайы бірнеше қыс бойы қалың қар жауды, мал-түліктер қырылып, бітуге шақ қалды. Елде ашаршылық жүрді» [9, 126-б.].

Климаттық алуантүрлілік жер бетіндегі барлық тіршілік иесіне және жердің өзіне ықпалын тигізеді. Адамға әсері адамның экономикалық әрекетіне, адам денсаулығына, жер бетінде таралуы мен рухани және саяси өміріне әсері бар. Орта Азия түркі тайпаларының этноәлеуметтік сабақтастықтың қалыптасуына көптеген факторлар ықпал еткені белгілі. Соның

ішінде табиғи-климаттық және тарихи аспектілердің рөлі орасан зор [10, 32-б.].

Соңғы жылдары ғалымдардың зерттеулерінде ұрпақтар сабақтастығының жалғасуында және демографиялық өркендеуде климаттық жағдайдың игі ықпал жасайтыны дәлелдене түсуде. Мұның өзі жоғарыда атап көрсеткендей мал басы санының артуы ғана емес, сонымен бірге көшпелілердің тұрмыс жағдайының өсуін қамтамасыз етеді. Мұның бәрі өз кезегінде халық санының өсуіне және демографиялық өркендеуге алып келетіні белгілі [11, 118-135-бб.].

Ресейлік бір топ ғалымдар Э.С. Кульпиннің бастауымен отыз жылға созылған зерттеулер нәтижесінде климаттық сипаттамаларды көрсететін негізгі мәліметтерді жасауға қол жеткізді. Онда Жошы ұлысының Батыс аймағындағы жазғы және қысқы температуралардың ауытқу көрсеткіштері, сонымен қатар, жылдық орташа жауын-шашынның ауытқулары жалпылама мәліметтермен көрсетілген. Жалпы, Түркі қағанаттарындағы әлеуметтік құрылымның табиғи ортаға бейімделуіндегі сабақтастықтың сақталуы табиғат құбылыстарына және климаттық өзгерістерге әрқашан тәуелді болып келгенін ешқашан да ұмытуға болмайды.

Осы тұрғыдан алғанда Лев Гумилевтің мынандай пікірі назар аудартады. Алғашқы адамдар әр түрлі климаттық аймақтарда өзіндік шаруашылық түрлерімен шектелген табиғи қоршаулармен оқшауланған қауымдастықтардан тұрды. Мысалы, солтүстік және солтүстік шығыстағы Сібір тайпасын мекендеген халықтар оңтүстігі Қытай қамалымен басталып, Алашань, Бэйшань, Куньлунь және Памир тау-тастарымен қоршалған байтақ даланың тұрғындары болатын. Мұндай табиғи-географиялық оқшаулану жағдайында мемлекеттің пайда болуы аса қиын еді. Дегенмен де, халықтардың бірігуге ұмтылу тілегі б.з.д. IV-III ғғ. мемлекеттердің пайда болуына алып келді. Атты қолға үйрету, отырықшы аңшылар мен малшылардың көшпелі малшы сарбаздарға айналуы адамдар арасындағы өзара қарым-қатынасты нығайтты.

Осылайша, әр аймақта пайда болған мәдениеттер адамдардың шаруашылықтық қызметіне берілген мүмкіндіктерді пайдалана отырып жақын қарым-қатынастарға көшті. Алайда, оңтүстік сібір аймағындағы мәдениеттің оңтүстік шығыстағы мәдениетпен салыстырғанда өзіндік өзгешеліктері болатын. Солтүстікте жылқыны қолға үйретудің кеңінен тарала бастауы адамдарды жайылымы мол кең далаға қарай қоныстануға бағыттады. Оңтүстік-Шығысқа ке-

лер болсақ, Хуанхэ өзені алқабын мекендеген рулар арасында қытайлар күшейіп, төңіректегі руларды өзіне бағындырып, оларды отырықшылыққа бейімдей бастады. Алайда, мұндай қысымға шыдамаған көптеген рулар Солтүстіктегі дала қойнауына қарай көшіп, көшпелі мал шаруашылығының табиғатқа бейімделген құпияларын шеберлікпен меңгере бастады. Олардың арасында моңғолдардың арғы аталары Дұхулар, түркі тілдес Ғұндар және тибеттіктердің арғы аталары бар еді.

Ұлы дала аймағындағы осы көшпенділер Сібірден оңтүстікке көшкен халықтармен араласып, Қытайға қарсы ымырасыз күрес жүргізді. Түріктер мен моңғолдарды бостандық үшін күресте атты сарбаздарды көптеп жасақтау құтқарып қалды. Олар Ұлы далаға қаша көше отырып, сонымен бірге өздерінің отандары – Ордосты, Алашаньды және Хингань таулары аймағын қытайларға бермеу үшін қанды шайқастарға барды. Осындайда оларға Гоббидің шөлді даласы табиғи қорған болып, қытайлықтардан бой тасалауына ықпал жасады.

Дегенмен де, осы аталған аймақтан Батысқа және Оңтүстікке қарай адамдардың өмір сүруіне мүлде жарамсыз Такла-Мақан шөлі созылып жатты. Балхаш көлінің суы тартылып төңірегіндегі далаларды қурап, шұрайлы жайылымдарды жойып жіберді. Осылайша көшпелілер табиғаттың қысымы жағдайында ірі өзендердің сағаларын, атап айтар болсақ, Іле, Шу, Қара Ертіс, Тарым өңірлерін, сондай-ақ, қарлы шыңдардың етегіндегі, яғни Тянь-Шаньның және Тарбағатайдың айналасындағы жайылымдық алқаптарын тиімді пайдалануға тырысты.

Енді осы пікірден кейін, бұл қандай өзгеріс еді деген сауал туындайды. Әрине, көшпелілердің тыныс-тіршілігі, соның ішінде ежелгі түркілердің барлық шаруашылықтық іс-әрекеті, жоғарыда айтқанымыздай, дәстүрлі мал шаруашылығына аса қолайлы далалық жайылымдарға тікелей тәуелді болды. Мұндайда, әрине табиғаттың құрғақ немесе ылғалды климаты шешуші рөл атқарды. Л.Н. Гумилев өзінен бұрынғы зерттеушілердің еңбектерін талдай отырып, ежелгі түркілер мекендейтін көшпелілер қауымдастығына ауа-райын анықтайтын циклондардың қалай әсер еткенін нақтылап әңгімелеген еді. Мұнда ол, ұлы даланың батысына ықпал жасайтын, Атлант мұхитынан келетін циклондарға байланысты мынандай пікірлер айтқан еді: «Жайлы күн жылдарында, яғни күн белсенділігі азайған кездері циклондар жолы Жерорта және Қара теңіз, Солтүстік Кавказ

бен Қазақстан үстін басып өтеді де, Алтай мен Тянь-Шяньның Сеңгір тауларына дейін жетеді. Сол араға ол айналсоқтап қалады да, Атлант мұхиты айдынынан әкелген ылғалды жаңбыр етіп құя-құя салады. Осындай кездері сайын дала жібіп, жіпси бастайды. Қуаң шөлдер көкорайға малынады. Алтай мен Тарбағатай, Тянь-Шань мен Памир жоталарынан бұрқырап шығатын дала өзендерінің арналары мол суға кенеледі. Балхаш пен Арал теңізі суға толып, кемерлерінен асып, ұлғайып кетеді» [12, 29-б.].

Бірақ осы кезде Еуразия аймағының солтүстік далаларында қарама-қарсы климат көрініс береді. Еділден су алатын Каспий теңізі арасынан төмендеп, көлемі қысқара бастайды. Еділ аумағында барлық орта аймақтай, жауын-шашынның мөлшері азайып кетеді. Өзендер мен көлдер тартыла бастайды. Қыста қар аз жауып, ал жазда аңызақ жел күшейеді. Алайда, табиғаттың осынау Ұлы дала аймағындағы түріктердің шаруашылықтық тірлігіне қайшылықты әсері жағдайға күннің араласуына байланысты тағы да өзгерістерге ұшырайды. Күн қызып, белсенділігі артқан кезде Атлантикалық циклондар да күш алып, Еуропа мен Сібірдің орта алқаптарына екпіндеп келеді. Мұндайда Ұлы дала аймағындағы жауын-шашынның мөлшері күрт азайып кетеді. Далада шаң борап құрғақшылық басталады. Балхаш пен Арал теңізі тартыла бастайды. Ал Еділдің суы тасып, арнасы молайып өзі құятын Каспий теңізінің кенересін де үлкейте түседі. Мұндайда орманды алқаптарда жауын-шашынды, қары қалың қысқа тап болады.

Алайда, күннің белсенділігінің одан ары шарықтап арта түсуі Атлантикалық циклондардың Солтүстікке қарай ауысуына ықпал жасайды. Ал мұның өзі Ұлы дала аймағын қуаң да, шөл далаға айналдырады. Орманды алқаптар азайып, солтүстікке ығыса бастайды. Енді Еділ өзені де тартылып, Каспий теңізі арнасынан төмен түседі. Есесіне, осы кезде полярлы аймақта күн жылына бастайды. Осы айтылғандарға сүйене отырып, Л.Н. Гумилев былай деп жазған еді: «Атлант циклондары жолының негізгі үш варианты, міне, осындай. Ұлы даланың тікелей де, тұп-тура осы циклондар жолына тәуелді. Циклондардың бағыт-бағдары ұдайы тұрақты түрде өзгеріп тұрады, демек, біз енді Еуразия даласының ылғалдану мен құрғау кезеңдерін мезгіл-мезгілімен даталап отыруға мүмкіндігіміз бар» [13, 30-б.].

Л. Гумилевтің климаттық жағдайға байланысты Ұлы даладағы өзгерістерді нақтылап сипаттаған осы пікірінен аңғаратынымыз, біз

зерттеп отырған IX ғ. мен XII ғ. аралығы байырғы түріктер мекендейтін Ұлы даланың циклондар ықпалымен шұрайлы жайылымға айналып, айтарлықтай ұзақ уақыт мал шаруашылығын өркендетуіне қолайлы жағдайлар жасағанын байқаймыз.

Түркі қағанаттарының құрамындағы әр түрлі көшпелі халықтардың этноәлеуметтік құрылымының қалыптасуына және сабақтастықпен өркендеуіне географиялық табиғи ортаның ықпалы туралы айтқанда бір ғана Атланттық циклондардың әсерімен шектеліп қалуға болмайды. Моңғол үстірті деп аталатын Гоби шөліне Солтүстікке қарай және Солтүстік шығысқа қарай созылып жатқан кең далалық аймақта түркілердің көшпелі тұрмысына айтарлықтай үлкен ықпал жасаған.

Тынық мұхит муссондарының да маңызын айта кеткен жөн. Бұл мәселеге де кезінде Л.Н. Гумилев тоқталған болатын. Оның пікірінше, Тынық мұхиты муссондары шығыстан кейде мол ылғалды Моңғолия аймағына алып келеді. Мұндайда Гоби шөлі едәуір кішірейіп Хэнтей немесе Хангай тауларының қыраттарын ормантоғайлар баса бастайды. Ылғалдың көбеюіне байланысты Байкал көлі өзінің арнасынан асады және солтүстікке қарай жалжып, Алмалы қырқаларына дейін барып, жылға-жылға болып қуалай ағып Амур өзеніне келіп құяды. Тіптен мұндай ылғалдылық Камчаткаға дейін келеді. Жылнамаларды салыстыра қараған Л.Н. Гумилевтің айтуынша, муссондардың Моңғол үстіртіндегі осындай ықпалы Ұлы даланың батысына игі әсер тигізетін Атланттық циклондардың Батыс даламен көктеп өту дәуіріне сәйкес келеді. Зерттеуші мұның дәлелі ретінде, суының көтерілу деңгейі Селенга өзеніне тікелей байланысты, Байкал көлінің деңгейінің көтерілуін мысалға тартады [14, 30-31-бб].

Ұлы даланың батысы мен шығысындағы даму шын мәнінде табиғи ылғалдылыққа байланысты ұқсас болды. Мұнда, жоғарыда Э.С. Кульпин атап айтқандай, циклондардың әсерімен болатын табиғаттың ылғалдануы көшпелілердің дәстүрлі шаруашылығының өркендеуіне және оны ұйымдастыруға маусымдық сипат берді. Яғни жаңбырдың жаууы азайған кезде көшпелілер жаңа жайылымдар іздеуге мәжбүр болды. Л.Н. Гумилев бұл мәселені төмендегіше нақты сипаттап көрсетеді: «Батыста, Алтай мен Тянь-Шань етектеріне дейін жазды күні жауын-шашынның тамбайтыны және қысты күні Атлант мұхиты циклоны әсерінің болмайтыны анық. Бұл – жазда дала шөбі күйіп кетеді де,

қыста оны қалың қар басып қалатыны сондай, мал тебіндеп жайыла алмайды деген сөз. Мұның үстіне циклондармен бірге жиі-жиі жылымық болып тұрады да, күзде көкпеңбек мұз қатады, мұндайда жұт келіп, мал қырылып қалады. Сол себепті де, көшпелілер даланы малға көктемгі өріс есебінде пайдаланады. Ал жаз шығысымен малды тауға айдап кетеді. Онда қырқалар арасында алқаптарда көкорай шалғын көз тартады. Ал, олар қысқа пішен дайындайды. Тау алқаптарының әрқайсысы белгілі ру меншігінде болады. Демек, ол араның көшпелілері жылдың көп уақытын өз ағайындарының арасында өткізеді. Сол себепті де, оларда кең көлемдегі әлеуметтік аралас-құралас дағдысы туа бермейді. Олар әрқашан да үлкен орда болып бірігуден сырғақсып, қашып жүреді, бұдан көрі рулар бірлестігін артық санайды. Олардың әлемдік тарихтағы рөлі сыртқы жауларға қарсы күресу қорғаныс ісіне келіп саяды. Бірақ олардың бұл ісінің сәтті болғаны аса сирек» [15, 74-б.].

Л.Н. Гумилев баяндап отырған мәселеден аңғаратынымыз, XI ғасырдың басына дейін Ұлы дала аймағында қуаңшылықтың белең алуына байланысты түркілер негізінен тау баурайларына немесе тау аңғарларындағы жайылымдарына тығылып, құрғақшылықтан қашып, ру-ру, тайпа-тайпа болып оқшаулана өмір сүрді. Мұндайда мемлекеттік бірлестіктің қалыптасуы мүмкін емес еді. Тіптен, этногенездік тұрғыдан түп аталары бір болса да, діни ұстанымдары ортақ болса да, әсіресе тілдік тұрғыдан туыстас лингвистикалық ортақтықтың орын алғанына қарамастан халықтар ғасырлар бойы қалыптасқан рулық-тайпалық құрылымдардан ажырамай оларды нығайта түсті.

Сондықтан да, әлем зерттеушілері түркі және моңғол тілдес халықтардың Ұлы дала аймағындағы IX-XI ғғ. тарихын зерттеген кезде мұнда өмір сүрген мемлекеттер туралы жартымды ештеңе айта алмайды. Өйткені, жоғарыда әңгімеленген Батыстан соғатын Атлант циклондарының және Шығыстан келетін Тынық мұхиты муссондарының бағытын өзгертіп жіберулері және соның нәтижесінде жауын-шашынның азайып, Ұлы дала аймағында құрғақшы-

лықтың кеңінен таралуы тау қойнауларына және орманды алқаптарына тығылған көшпелілердің саяси-этникалық және этноәлеуметтік тұрғыдан тығыз топтасуларына, яғни мемлекеттік жүйелерге бірігуіне мүмкіндіктер бере қоймады.

Шын мәнінде, бұл кезеңде Ұлы далада мемлекеттік бірлестіктердің ұйымдаса қоймағанын байқаймыз. Алайда XI ғасырдың орта шенінде Тынық мұхиттан соққан муссондар күшейіп Моңғол үстірттеріне ылғалы мол жазды алып келді. Нәтижесінде, мұнда қыста да жағдай өзгеріп, үлкен антициклондық орталық қалыптасып, қар аз түсіп, аяз азайып, малдың өз аяғымен өрісте жайылуына үлкен мүмкіндіктер туды. Мұның өзі жаз айларында да жаңбырдың көбеюіне ықпал жасап, дала аймағында шүйгін-шүйгін жайлау алқаптары пайда болып, әсіресе қой малының өрісінің және басының көбеюіне жағдайлар туды.

Сонымен қорыта келгенде айтарымыз, тарихта күңгірт кезең деп аталатын біз зерттеп отырған VIII-XII ғасырлар аралығы табиғи климаттық ықпалдарға байланысты саяси тұрғыдан этноәлеуметтік сабақтастықты көп өзгерістерге ұшырата алған жоқ. Дегенменде, географиялық климаттық ахуалды түркі халықтары осы кезеңдегі тарихында алғашқы орынға қоюға болмайды деген ойдамыз. Мұның өзі Гумилев айтқандай біржақтылыққа, яғни географиялық детерминизмге алып келер еді. Географиялық ахуал адамдар тағдырына, әсіресе көшпелілер шаруашылығының өркендеуінде терең із қалдыра тұрса да, түркі халықтарының тарихи дамуын оны қоршаған ландшафттар емес, этноәлеуметтік қарым-қатынастар және этносаяси ықпалдастықтар белгілегенін атап айтуымыз керек. Яғни IX-XIII ғғ. аралығындағы түркілердің этноәлеуметтік сабақтастығы мәселесін қарастырғанда жаңбыр мен ауаға және географиялық ландшафттарға басты мәселе ретінде назар аударудың қажеті жоқ. Олар түркілер тарихының осы кезеңдегі кейбір «ақтандақтарын» және «күңгірт» тұстарын айқындауға қосымша көмекші материалдар ғана бере алады. Тарихты жазғанда осыны әрқашан есте ұстау керек.

#### Әдебиеттер

- 1 Кульпин Э.С. Золотая Орда (Проблемы генезиса Российского государства). – М.: Московский лицей, 1998. – 240 с.
- 2 Сонда, 144-б.
- 3 Кульпин-Губайдуллин Э.С. Золотая Орда: судьбы поколений // Серия «Социоестественная история. Генезис кризисов природы и общества в России» / под ред. Э.С. Кульпина. – Вып. XXVIII. – М.: Инсан, 2008. – 192 с.

- 4 Вклад кочевников в развитие мировой цивилизации: Сб. материалов междунар. науч. конф. / под. ред. Л.Е. Масановой, Б.Т. Жанаева. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 268 с.
- 5 Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. – М.: Айрес-Пресс, 2005. – 556 с.
- 6 Сонда.
- 7 Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері. (б.з. 275-840 жж.) Екінші кітап. – Алматы: Өнер, 2006. – 344 б.
- 8 Сонда.
- 9 Бұл да сонда.
- 10 Орталық Азия көшпелілері өркениетінің тарихы. Т. 1. Орталық Азия көшпелілері: этнотерриториясы мен мемлекеттілігінің мәселелері: монография / жауапты ред. Т. Омарбеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 387 б.
- 11 Слепцов А. М., Клименко В. В. 2005. Обобщение палеоклиматических данных и реконструкция климата Восточной Европы за последние 2000 лет. История и современность.
- 12 Гумилев Л.Н. Қиял патшалығын іздеу: «Пирадар Иоанның мемлекеті туралы аңыз». – Алматы: Балауса, 1991. – 448 б.
- 13 Сонда.
- 14 Бұл да сонда.
- 15 Бұл да сонда.

#### References

- 1 Kul'pin Je.S. Zolotaja Orda (Problemy genezisa Rossijskogo gosudarstva). М.: Moskovskij licej, 1998. – 240 s.
- 2 Сонда, 144-б.
- 3 Kul'pin-Gubajdullin Je.S. Zolotoaja Orda: sud'by pokolenij. (Serija «Socioestestvennaja istorija. Genezis krizisov prirody i obshhestva v Rossii». Pod red. Kul'pina Je.S. Вып. ННУИИ) – М.: Insan, 2008. – 192 s.
- 4 Vklad kochevnikov v razvitie mirovoj civilizacii: Sb. materialov mezhdunar.nauch. konf. / pod.red. L.E. Masanovoj, B.T. Zhanaeva. – Almaty: Dajk-Press, 2008. – 268 s.
- 5 Gumilev L.N. Jetnogenez i biosfera Zemli. – М.: Ajres-Press, 2005. – 556 s.
- 6 Сонда.
- 7 Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері. (б.з. 275-840 жж.) екинши кітап. – Алматы: Өнер. 2006. – 344 б.
- 8 Сонда.
- 9 Бұл да сонда.
- 10 Ortalyk Azijaköshpeleri örkениетінің тарихы. Т. 1. Ortalyk Azija köshpelileri: jetnoterritorijasy men мемлекеттілігінің мәселелері: монография / жауапты ред., Т. Омарбеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 387 б.
- 11 Slepcov, A. M., Klimenko, V. V. 2005. Obobshhenie paleoklimaticheskikh dannyh i rekonstrukcija klimata Vostochnoj Evropy za poslednie 2000 let. Istorija i sovremennost' 1.
- 12 Gumilev L.N. Қиял патшалығын іздеу: «Пирадар Иоанның мемлекеті туралы аңыз». – Алматы: Балауса, 1991. – 448 б.
- 13 Сонда.
- 14 Бұл да сонда.
- 15 Бұл да сонда.